

# OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ  
№5 (87) МАМЫР 2023 ЖЫЛ



**ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ  
55 ЖЫЛДЫҒЫНА  
«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ  
ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНЫҢ  
ТАРТУУЫ**

**11-МАМЫР 2023 ЖЫЛ  
ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ**



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
№5 (87) мамыр 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және  
коммуникация министрлігінде  
есепке алынып, №16077-Г куәлігі  
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

**ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:**  
Әділ СҮЙЕБАЙ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

**ШОЛУШЫ:**  
Арғын БИСЕНОВ

**ТІЛШІЛЕР:**  
Жазира АҚБЕРГЕН  
Айман МАДРЕЙМОВА  
Талғат САТЫБАЛДЫ

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:**  
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен  
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,  
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.  
Журнал материалдарын  
көшіріп басуға редакция  
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС  
баспаханасында басылды

## БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

### FACEBOOK



### TELEGRAM



### INSTAGRAM



### TIKTOK





# АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИЛДІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ өрлік мерекесі құрметіне қаламыздағы «Ажар» мейрамханасында 230-ға жуық ардагерге арнап ақ дастархан жайды.

Салтанатты шараға тыл ардагерлері, ауған соғысы және тәжік-ауған шекарасы қақтығысы ардагерлері, Семей полигоны, Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысқандар мен қаланың құрметті азаматтары шақырылды.

Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Сақи Мыңбай мен әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Жұбаназаров Отан қорғаушылар және Жеңіс күнімен құттықтап, жылы лебізін

жеткізді.

Өз кезегінде қариялар құрмет көрсеткен компания азаматтарына алғыс білдіріп, ақ батасын берді.

– Қымбатшылық заманы деп назырқаудың еш қажеті жоқ. Ішерге ас, киерге киім таппаған уақытта да өмір сүрдік. Кез келген қажетінді алуға болатын бүгінгі күнімізге шүкіршілік етейік, – деп сөйлеген тыл ардагерлері бейбіт күннің қадіріне жете білуге, барды бағалауға шақырды.

Қадірлі жандарға компания тарапынан «Әбіш Кекілбаев», «Аталар аманаты» кітаптары үлестірілді.











Өзен Мұнары АЗ  
АҚШӘКЕРПЕК ҚОҒАМЫ АҚШӘКЕРПЕК ОБЪЕКТИ









# ЖАҢАӨЗЕННІҢ 55 ЖЫЛДЫҒЫНА ТАРТУ ЖАСАЛДЫ

Өңір тынысын оң бағытқа бастап отырған «Өзенмұнайгаз» компаниясы қаланың 55 жылдық мерейтойы аясында тербелмелі қондырғыны сыйға тартты. Қала символы ретінде жоспарланған жоба Нәсіпқали Марабаев даңғылы бойында, қалаға кіреберіс жолда бой көтерді.

Салтанатты шараға ардагер мұнайшы, алғашқылардың бірі Болатбай Қарамұрзаев, қала әкімі орынбасары Жансейіт Қайнарбаев, қоғамдық кеңес төрағасы Аманқос Еділов, бас директор Нұрдәулет Қилыбай, Қоғам қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Құттықтау сөз алған Б.Қарамұрзаев: «1961 жылдың наурыз айында келген уақытымда бұл ара киік пен қарақұйрықтың отаны еді. Бүгінде Өзен кен орнының ашылуымен негізі қаланған Жаңаөзені-

мізге 55 жыл толып отыр. Қазығы қағылып, іргетасы қаланған қала көз алдымда көркейді, дамыды», – деп алыста қалған жылдар естелігінен сыр шертті.

Ардагер мұнайшы мен қоғамдық кеңес төрағасы стелла тетігін басып, үнемі қозғалыста тұратын тербелмелі қондырғыны іске қосты.


Ортақ игі іске серіктестер де ат салысты. Қоршау, істен шыққан тербелмелі қондырғыны реттеу, сырлау секілді негізгі жұмыстарды Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу басқармасы, «TestCom Caspian» ЖШС атқарып, «Кен-Құрылыс-Сервис» мекемесі бетон құйып, құрылыс жұмыстарын жүргізді. Тербелмені тоққа қосу шарасын «Өзенэнергомұнай» басқармасымен жүзеге асырды.















## ЖЕҢІС ЖАРЫЛҒАПОВТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БОКСТАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Жаңаөзен қаласының 55 жылдық мерейтойы аясында бокстан ҚР еңбек сіңірген бапкері, мұнайшы, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Жеңіс Жарылғапұлын еске алуға арналған бокстан республикалық ашық турнир өтті.

Спорттық дода «ERZHANOV BOXING CLUB» бастамасымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ және тағы бірқатар мекемелердің демеушілігімен жүзеге асты. Жарысқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен және Ресейдің Омбы қаласынан ұзынырғасы 95 спортшы жиналды.

Салтанатты ашылу рәсімінде ардагер

мұнайшы Мұрат Құрбанбаев, «Аманат» партиясы МОФ төрағасы Нұрбек Қарасаев пен марқұмның зайыбы Манар Жарылғапова құттықтау сөз алып, спортшыларға сәт тіледі.

Үш күнге созылған турнирдің негізгі жекпе-жегінде жаңаөзендік кәсіпқой боксшы Ділшат Нұрым ақтөбелік қарсыласын нокаутқа жіберіп, чемпион атанды. Жалпы 18 жерлесіміздің 7-еуі жеңіс тұғырынан көрінді.

Жарыс «YouTube» желісінде тікелей трансляцияланып, QazSport арнасында көрсетілді.





# ӨНДІРІС ЖАСТАРЫ - ОЙ-ДОДАДА

10 жылдық тарихы бар «Ой-дода» интеллектуалдық сайысының кезекті ойыны жас мамандар арасында өтті. Ерекшелігі сонда, бұл ретте Қоғамға қарасты басқармалардан жиналған жастар ұжымдық коммуникацияны нығайту мақсатында аралас құрамда бақ сынады.

Таным кеңістігін және ой-ұшқырлығын дамыту сайысына 6 команда, әрқайсында 5 ойыншыдан қатысты. Олар алдымен 8 сұрақ бойынша іріктеу кезеңінен өтіп, ең көп ұпай жинаған 4 команда финалға жолдама алды.

Ақтық ойын нәтижесінде, үшінші орынға «Жолбарыс», екінші орынға «Батыр қала», бірінші орынға «Өзен», бас жүлдеге «Озат» командасы ие болды. №1 МГӨБ

қызметкері Данияр Қойшыбаев «Үздік ойыншы» атанды.

Шара соңында Жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімі директоры Әділ Сүйебай мен баспасөз хатшысы Арғын Бисенов сөз алып, жеңімпаздарды марапаттады. Кубок, грамота, кітап және қаржылай сыйлық табыстады.

– Биыл компания жас мамандар кеңесіне – 10 жыл. Алғаш құрылған кезінде кеңестің төрағасы болған Асқар Ноғаев осы идеяны айтып, мына жасыл үстелдер дайындалды. Содан бері қаншама ойын өтті. Әріптестерімді компания шараларына белсене қатысуға шақырамын, – деді бөлім басшысы.















## ҮЗІЛ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Үзіл Қозыбақызы 1967 жылдың 14 маусымда Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында қарапайым отбасында дүниеге келген. Берекелі шаңырақта Алла берген ұлықты ұлы бар, қылықты қызы бар бас-аяғы 5 бала тәрбие алған. 1974 жылы тарыдай болып кірген мектептен Үзіл 1984 жылы таудай болып шықты. Зерек бойжеткен Форт-Шевченко қалалық әскери бөлімшесінде қағазжүргізуші болып жұмыс істеп, 1985 жылы Жаңаөзен қаласындағы мұнай техникумына түсіп, аталмыш оқу орнын 1988 жылы тәмамдаған. Білімге құштар жан 2002 – 2006 жылдары Шахмардан Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің сырттай бөліміне түсіп, инженер-геолог мамандығына ие болды. 1988 жылы жолдамамен «Өзенмұнайгазға» жұмысқа орналасқан Үзіл өзінің мұнай саласындағы еңбек жолын қарапайым операторлықтан бастап, жұмысқа деген ынтасының, білімі мен білігінің арқасында мұнай кәсіпшіліктерінде техник-геолог, инженер-геолог, зерттеу жұмыстары инженері, техно-

лог лауазымдарын абыроймен атқарып, ұжым мен ағайынға сыйлы, досқа адал бола білді. 2010 жылдың тамыз айынан бастап компания басқару аппаратының Игеру департаментінің инженері, қазіргі таңда Геология және геофизика департаментінің аға геологы қызметінде жемісті еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына бір кісідей ат салысып жүр.

Үзіл Оңдасынова мүйізі қарағайдай үлкен компанияда майталман маман болумен қатар, айрандай ұйыған тату отбасының сүйікті жары, аяулы анасы, асыл әжесі. Отағасы Жақсығұл Айтұратов Атырау өңірінің тумасы. Көп балалы отбасынан шыққан Жәкеңмен кейіпкеріміз техникумда бірге оқып, бірге жұмысқа орналасады. Көңіл жарастырып, отау құрған олар бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, балдай тәтті немере-жиен сүйіп, Алланың бергеніне алғыс айтып отырған жайы бар. Шаңырақ көтергеніне биыл 37 жыл толған ерлі-зайыптылар тағдырына дән риза. 2021 жылы Жаңаөзен қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» сайысының



бас жүлдегері атанған үйелменге баянды бақыт тілейміз.

Әрине төгілген тер мен еткен еңбек еленбей қалмақ емес. Үзіл Қозыбақызы мұнай-газ саласы дамуына қосқан үлесі үшін бірнеше мәрте Құрмет грамотасымен, Алғыс хатпен марапатталды.

- Уақыттан жүйрік нәрсе жоқ екен. Қарап отырсақ, менің де мұнай саласында жұмыс істегеніме 35 жыл өтіпті. Адам өмірде өзі ұнататын іспен айналысып, нәпақасын тауып жүрсе, нағыз бақыт деген осы. Геологты мен дәрігермен салыстырар едім. Дәрігер науқас адамды емдесе, біз май бермей тұрған «науқас» скважинаны емдейміз. Жер қойнауын зерттеп, жер асты жабдықтарын тексеріп, нәтижесіне қарай шара қолданып, скважинаны іске қосамыз. Өндіріс жұмысын оңай деп айта алмаймын. Әйтсе де кез келген сәтте қасымнан табылып, үнемі қамқор болып, жұмыстан кеш келу сияқты қолайсыздықтарға түсіністік танытқан отағасыма шын жүректен алғыс айтамын. Бәлкім өзі де мұнайшы болғандықтан шығар, екеуміз тіл табысып, кездескен қиыншылықтарды бірге шеше білдік. Бағыма қарай ұжымым да өте жақсы болды. Цехта жасаған кезімде тәлімгерім Нина Зобнева болды. Одан кейін Аманжан Өтесінов геология саласының қыр-сырын ұқты-



рып, мені талмай жетелеп, нағыз маман болып қалыптасуыма зор ықпалын тигізді. Басқару аппаратында өз кәсібінің шебері, геологияның жілігін шағып, майын







ішкен Шолпан Пангереева, Ахмет Жандосовтармен өріптес болып, олардан көп нәрсе үйрендім. Бұлардың көбі қазір құрметті демалыста. Әрқайсына мың алғыс! – деді Үзіл Қозыбақызы.

«Көтермесе көңілді кір басады» демекші, Үзіл қолы қалт еткенде Тамара Асардың әндерін тыңдайды. «Ана жүрегі» деп аталатын отандық сериалды толқып отырып, тамашалап шығыпты.

Әдемі гүлдің адамға қуаныш сыйлайтынын, адам көңілін көтеретінін жақсы білетін Үзіл гүл өсіргенді ұнатады екен.

«Отбасының сәні – сыйластық, достықтың сәні – қимастық» деген нақылды өмірлік ұстанымым деп есептейтін ақылды жан уақытының көбін өмірінің жалғасы – немерелеріне арнайды. Елмен бірге тер төгіп, бірге тыныстап, қалың ел, қазыналы мекеннің өсіп-өркендеуі үшін ерен еңбек етіп жүрген Аймұратовтарға көп рахмет айтамыз.

Талайдың жүзіне қан жүгіртіп, ізіне шаң жүгіртіп, өзегіне нәр бойлатқан Маңғыстау дүния тұрғанша тұрсын дейміз!





# ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ



№4 МГӨБ-тің скважиналарды жерасты жөндеу бригадасының 5-дәрежелі операторы Жұмабай Бисекенов 1963 жылдың 7 наурызында көрші түрікмен елінде, нақтырақ айтатын болсақ, Ташауыз облысына қарасты Ленин ауданында дүниеге келген. Бұл - шаңырағының берекесін кіргізіп отырған асыл жары Жайна Есенованың де кіндік қаны тамған жері. Бастапқыда слесарь, теміржолда жолшы қызметтерін атқарған Жұмабай 1989 жылдан бері мұнай саласында табан аудармастан еселі еңбек етіп Өзен кен орнының көркеюіне қомақты үлес қосып жүрген білікті мұнайшы.

Бүгінде қуанышы ортаймаған, күлкісі азаймаған бақытты жандар ұл мен қыздан немере-жиен сүйіп отыр.

– Халқымызда «Еңбек мұратқа жеткізеді» деген жақсы сөз бар. Адам тынымсыз еңбек еткенде ғана мақсатына жетіп, құрметке бөленбек. Біздің бригадада өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, компания шығынға батпаса екен, табысты болса екен деп жұмыс істеп жүрген азамат жетерлік. Берекенің-бірлікте, ырыстың-ынтымақта екені рас. Өзара түсінісіп, ауызбіршілікпен бар күшімізді салып сүйікті компаниямыздың игілігі үшін еңбек ете береміз, – деді Жұмабай Бисекенұлы.

Төзім, дамылсыз қимыл ғана адамды жетістікке жеткізеді. Ел ырысын еселеп жүрген «Өзенмұнайгаздың» тау қопарлық тегеурінді де қайратты мұнайшылары аман болсын!







# ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН АМАНБИБІ

№5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының есепшісі Аманбибі Аманжолқызы 1963 жылдың 17 тамызында еңбекші отбасында үйдің үлкені болып өмірге келген. 1970 жылы Теңгеде мектепке барған Аманбибі 1980 жылы 10-сыныпты бітіріп, вокзал жанындағы тигін цехына жұмысқа тұрған болатын.

1982 жылдан бері мұнай саласында тер төгіп жүрген еңбекқор жан еңбек жолын операторлықтан бастаған.

Бүгінде жоғарыда жазғанымыздай №5 СҚКБ-да есепші болып өнімді еңбек етіп жүрген кейіпкеріміз 1998 жылы Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың сырттай бөліміне түсіп, 2004 жылы бітіріп шықты.

1984 жылы тұрмыс құрған Аманбибінің отағасы да Өзен кен орнының көркеюіне саналы ғұмырының 43 жылын арнаған, бүгінде құрметті демалыстағы қадірлі жан. Балалары Ақтау, Алматы қалалары-

нан қалаған оқу орындарын бітіріп, әрқайсы өз саласы бойынша еңбек етіп, ырзық-несібесін тауып жүрген көрінеді.

– Өмірге түк өкпем жоқ. Алланың бергеніне шүкір. Балаларым бар. Келіндерім бар. Қазақтың «Келінжан» деген сериалын жібермей қарадым. Айтары бар кино. Айсара мен Қылыштың рөлдерін сомдаған актерлерге қатты риза болдым. Тамашалап отырып кино екенін ұмытып кетесің. Өншілерден Жанболат пен Жазираны сүйіп тыңдаймын. Осы өмірде түсінгенім, өзі ұнаған кәсібімен айналысып жүрген жан шаршау дегенді білмейді екен. Еңбек адамды шындайды да, мерейін тасытады. Сол еңбектің жемісін көре берейік, – деді Аманбибі Аманжолқызы.

Еңбекпен тапқан нәпақасын қанағат тұтып, ел игілігі үшін еңбек етудің өнегесін көрсетіп жүрген асыл жанға алғыс айтамыз!











## “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ МАМЫР АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ




### МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 458 422  
НАҚТЫ 396 690  
АУЫТҚУ -61 732




### ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 338  
НАҚТЫ 370  
АУЫТҚУ 32



### МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 457 508  
НАҚТЫ 398 252  
АУЫТҚУ -59 256







№1 МГӨБ мұнайшысы Қоныс Абатов 1960 жылы шырайлы Шымкентте туып, 1978 жылы орта мектепті бітірген.

1979 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтына түсіп, 1984 жылы бітіріп шыққан. 1984 жылдан еңбек жолын құрылыс саласында бастаған. 1987 жылы Жаңаөзенге көшіп келіп, «Өзенмұнайгазға» жұмысқа тұрды. Скважиналарды жерасты жөндеу бригадасында аға оператор, шебер, ауысым шебері, бөлімше бастығы, бастықтың орынбасары болды. 2000 жылдары «Жөндеу» ЖШС-іне барып, аға шебер болып жұмыс істеп қайтты. Кәсіпшіліктерде технолог та болды. Мұрат Құрбанбаев мырзаның кезінде жолдамамен ҚазҰТУ-да оқып, мұнай саласы бойынша маманданған.

1985 жылы түрікмен еліндегі Небиттау қаласында дүниеге келген Қарашаш ханым екеуі отбасын құрған. Жұбайы Қарашаш Одақтың кезінде Рига қаласында жоғары модельер мамандығы бойынша оқып, технология саласында жұмыс жасаған. Қазір зейнетте.

## ЕҢБЕК МАЙДАНЫНЫҢ САРБАЗЫ

Қызы Гаухария ағылшын тілінің мұғалімі, 4 баланың анасы. Үлкен ұлы Данияр бұрғышы болып жұмыс жасайды, 4 балалы әке. Ал кіші ұлы Даниэль Астана қаласында жоғары оқу орнының 4-курс студенті.

– Жұбайым екеуміздің сүйікті әншіміз Димаш Құдайберген. Димашты қазаққа Алла тағаланың өзі бере салған. Бүгінде талантты жігіт бүкіл әлемді қазақша ыңылдатып қойды. Асыл жарыммен оның Алматыдағы, Астанадағы ән кештеріне арнайы барып, басымызды шайқап, таңдайымызды қағып келдік. "Көрінген таудың алыстығы жоқ" демекші, биыл бұйырса құрметті демалысқа шығамын деп қамданып отырған жайым бар. Ел аман, жұрт тыныш болсын деген тілегіміз бар. Арманымыз ұлғайып келе жатқан ұрпағымыздың қызығын көру, – дейді аға мұнайшы.







## ӨНДІРІСТЕ ӨТКЕН 34 ЖЫЛ

№4 МГӨБ-ке қарасты №24 топтық қондырғы жөндеушісі Орынбасар Жұматовтың мұнай саласында жемісті еңбек етіп, маңдай терін төгіп, ел экономикасының өркендеуіне үлес қосып жүргеніне анауына емес 34 жыл өтіпті.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары поселкесінде 1971 жылдың 23 қыркүйегінде дүние есігін ашқан жігіт әкесі мен шешесінен ерте айырылды. Әкесі Орынбасар ана құрсағында жатқанында, аяулы анасы 3-4 жасында жалғанмен қоштасып, бақиға аттанып кетті. Жетім қалған Орынбасарды нағашы атасы 3 ағасымен қоса қолына алып, тәрбиеледі. Атасы қайтыс болғанда кейіпкеріміз не бары 10 жастағы бала болатын. Ағасы Қазақбай екеуі тағдырдың жазуымен Талдықорғандағы жетімдер үйінен бір-ақ шығады.

Сол жақта жүріп, колледжге түсіп, тас қалаушы кәсібін игерген Орынбасар 1989 жылы Жаңаөзенде тұратын Ережеп нағашысының үйін паналайды. «Жас келсе, іске» демекші, жалындаған жас маман №4 МГӨБ-ке жөндеуші болып жұмысқа орналасты. Белоруссияға әскер қатарына шақырылып, 2 жыл Отан алдындағы борышын өтеді. 1991 жылы елге аман-есен оралған Орынбасар мұнай саласындағы қызметін жалғастырды.

«Судыраған сөзіңнен, тыңғылықты іс артық, жаман өткен өмірден жақсы көрген түс артық» демекші, өзіне тапсырылған істі тап-тұйнақтай етіп істейтін іскер мұнайшы еңбек ұжымы арасында үлкен сый-құрметке ие болып отыр.

Құт пен береке, қуаныш пен шаттық салтанат құрған шаңырақта асыл жары Лена екеуі тәрбиелі ұл мен қыз өсіріп отырған жарасымды жұп. Үйдің үлкен қыздары Назерке мен Альбина көлін атанып, өрісін кеңейтті. Кенже қызы Кәмила медициналық университет студенті. Болашақ шаңырақ иесі Бақдәулет биыл мектеп бітіріп, құрылысшы мамандығына грантпен оқуға түсті. Жиендер тәтті қылығымен қуантып, көз қуанышына айналып жүр.

Орынбасар жұмыстан тыс уақытында Тұрсынбек Қабатов басшылық ететін «Әзіл әлемі» театрын тамашалағанды ұнатады.

– Еңбек демалысында отбасымызбен бірге саяхаттауды жақсы үрдіске айналдырдық. Еліміздің түгелдей дерлік қалаларында болдық. Ресей мен Түркияны да араладық. Саяхат отбасы мүшелерін жақындастырады. Бойыңа тың күш құйылғандай болады. Нағыз терапия дер едім, – дейді Орынбасар Досымұлы.





## ӨМІРІНЕ РИЗА СВЕТА

Света Көптілеуова №4 МГӨБ-тің жұмыс агентін резервуарға айдау бойынша сорғы станциясының 4-дәрежелі машинисі қызметінде жемісті еңбек етіп жүр. Бала кезінен еңбекке жақын болып өскен ол еңбек жолын медбике болып бастады.

Еңбекқор жанның түйінхатына көз жүгіртсеңіз оның қай бір жылдары, әр мекемеде қойма меңгерушісі, кеңсе тазалаушы, күтуші-медбике... болып жұмыс істегенінің куәсі боласыз.

Света 2000 жылдан бері мұнай саласына ауысып, бүгінде Өзен кен орны дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген білікті маман.

– Күннің ыстығы мен суығына қарамастан өндірісте еңбек етіп ел өркендеуіне сәл де болса пайдамды тигізіп жүргеніме өте қуаныштымын. Өзім Ералыда тудым. Әкем Төлепбергенді Ералының итіне дейін таныпты. Марқұм кезінде көз келген мәшинені шашып, жинап беретін қолы алтын, атақты механик болған. Бір сөзбен айтқанда темір-терсектің пірі. Анам орыс. Әкем әскерден қайтқанда Белоруссиядан ертіп әкелген. Обалы не к-

рек, шешем аты орыс болғанмен, заты қазақтанып, келін болып келген жеріне тастай батып, судай сіңіп кеткен. Сол кездегі үлкен кісілердің сүйегі асыл ғой, шіркін. Шешем де қажарлы адам болған. Баланы да туған, нанды да табаға көмген, сексеуілді де шапқан. Жарықтықтар қиын кезде өмір сүрсе де, еш мойымаған ғой. Бүгінде екеуі де бақилық болған. Аллаға шүкір бес тумаласпыз. Алланың ісі шығар, отағасым Тарас Құрманбаев өмірден өтті. «Ат тұяғын тай басар» демекші, үлкен ұлым Ержан №2 МГӨБ-те оператор. Екіншісі Сержан «Құнанхолдингте» жүргізуші. Үйдің еркетайы Гүлжан Ақтауда оқиды. Студент. Өмір жалғаса береді. Бос уақытымда Айқын Төлепбергеннің әндерін тыңдаймын. Салат әзірлеймін. Тәтті немерелерімді ойнатамын. Алаша тоқимын. «Өзенмұнайгазға» бек ризамын. Еңбек демалысымда жолдамамен еліміздегі шипажайларға барып, денсаулығымды нығайтып қайтамын. Жұмысым ұнайды. Ұжым тату. Қаламыз көркейе берсін, майымыз көп, еліміз аман болсын, – деді Света Төлепбергенқызы.





## МИНИМАЛИСТ БОЛСАҢ, ҰТЫЛМАЙСЫҢ!

Қазіргі заманда үлкен де, кіші де уақыт жеткізе алмай өуре болады. «Құдай сақтасын! Таң атса, күн батады. Ештеңеге уақыт таба алмайсың» деп шағым айтатын адамдар, арамызда жыртылып-айырылады. Уақытты дұрыс жоспарлай алмау, миымызды саналы немесе бейсаналы түрде ақпараттық қоқысқа толтырып алу – үлкен проблемаға айналып отырғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Шығыста кез келген затқа минималистік шектеу қою қажет деген түсінік қалыптасқан. Біз көбінесе минимализмді қажет емес заттарды сатып

алудан бас тарту деп түсінеміз. Дұрыс. Минималист тек қажеттіні сатып алады. Ұнатпайтын адамдармен қарым-қатынасты үзеді, үйдегі қоқыстан құтылады, аз сөйлейді, өсек айтпайды. Жақындарына көңіл бөледі.

Даналар өмір сүру үшін адамға көп нәрсе керек емес екенін айтады. Бізге керекі - ішер ас, киер киім мен баспана ғана.

Алла ұнатқан адамына байлық емес, имандылық береді. Иманды адам барын қанағат етіп, қарапайым тірлік кешеді.





# БАҚУАТТЫЛЫҚҚА БАСТАЙТЫН БАСПАЛДАК

Адам өмірді қолдан күрделендіруге әуес. Тіпті, жоғары жалақы алып та, айлығы шайлығына жетпей жүргендер көп. Себебі олар бойын ақылға емес, эмоцияға билетіп, ойланбай сауда жасайды және қажетсіз дүниелерді сатып алады. Ақшасының қайда кетіп жатқанынан өздері де бейхабар. Осылай, ай сайын тапқанынан келесі айға ештеңе қалмай, айлықтан-айлыққа өмір сүріп жатқан адам қалай байысын? Ақша жоқтық, өз кезегінде, шаңырақтардың шайқалуынан бастап, одан да күрделі мәселелерге әкеліп соғады.

Бақуатты тұру үшін күндік өмірмен өмір сүруді тоқтатып, болашақты жоспарлай білу керек.

Ол дегеніміз, алдымен, ақшаны тек қажет затты сатып алуға жұмсау және қайда жұмсалып жатқанына есеп беру.

Екіншіден, несиге жоламау. Несие «батпан құйрық» секілді, алуын алғанмен, кейін қарыздан құтылу өте қиын.

Үшіншіден, жалақының кемінде 10% жинауды әдетке айналдыр. Жиналған қор басыңа іс түскенде немесе арманыңды жүзеге асыру кезінде қажетіңе жарайды! Мәселен, ақша жинайтын құты (копилка) қанша жерден қарабайыр көрінсе де, өте тиімді тәсіл.

Тоғетері, өз бюджетіңді өз жауапкершілігіңе ал. Ақша сені емес, сен ақшаны және өміріңді басқар!







## КІТАП АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Ж.К. Роулидің 7 томнан тұратын Хэрри Поттер туралы топтамасын оқуға кеңес береміз.

Кітап оқиғасы ө дегеннен баурап алады. Хэрримен бірге сиқырлы таяқшаға мінгесіп шытырман оқиғаларды бастан кешесіз.

80 тілде жарық көріп, әлемде ең көп сұранысқа ие болған кітап еш жалықтырмайды. Эмоция шаш-етектен...

Оқырманын таңдай қақтырып, бас шайқатқан бестселлер «Дүние тыныш» деген қарапайым сөйлеммен аяқталады.

Оқыңыз, өкінбейсіз!





# КИНО АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

«Келінжан» телехикаясын тамашалауға кеңес береміз. Расында да, аталмыш туынды көрермен көңілінен шықты.

Киноның бас кейіпкерлері Айсараның қысқа күнде қырық құбылуы мен Балқияның зып-зып етіп, жағымпаздануы еріксіз езуіңе күлкі үйіреді.

Фильмде алуан түрлі типаж бар. Қай үйден түтін шықса, сол жерден табылатын ішкіш көрші де, екі үйді қатар қондырмайтын алақандай ауылдың №1 өсекшісі де өз ролін өте шебер орындап шыққан.

Абысындар арасындағы бәсекелестік, ауыл өмірінен қашқан келіндер, еншісін алуға асыққан отбасы, бәрі өмірде кездеседі.

Режиссердің ауыл тіршілігін өзінің бес саусағындай тәуір білетіні көрініп-ақ тұр. Сериал күлдіре де, жылата да, ойландыра да алды. Небір тәрбие беретін сөзді Қасым шалдың аузына салған...

Тоғетері, отандық туындыны көріңіз, өкінбейсіз!





# Гүлсім

мұнайшы шығармашылығы  
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Келіншек Барбиге көйлек тігіп ойнап отырған 5 жасар сүйкімді қызына әрі қуана, әрі мұңая көз тастады. Әке-шешесінің арасы суып бара жатқанынан бейхабар қыз мұрны пысылдап өз шаруасымен болып жатыр.

Телефон шалып кеше киноға барғанын, суши-пицца жегенін айта бастаған құрбысына ауырып отырғанын айтып, бос былшылын тыңдаудан бас тартты. Анасының кешірімді бол деген сөзі есіне түсіп, мырс етті.

Тамақ пісіруге зауқы соқпай, аулаға шықты. Қоршауда тұрған тауықтар қытқыттай бастады. Өмір бақи кешірімді болып ішкіш әкесін сүйрелеп, тіршілік теперішіне көндіге жүріп, қартайған шешесін ойлады. Жарықтық ел сияқты бір жарқырап жүрмеді ғой. Өмірі ақша жоқ. Киімі жұпыны, жүзі солғын. Косметика дегеннен жұрдай.

Үйдегі үш қыз мектеп бітірер-бітірмес-тен байсыз қалатындай күле қараған жігіттің етегінен ұстап кете барды. Мектептен кейін не оқу жоқ, не жұмыс жоқ, құр үйде отырған қызға күйеуге тиюден басқа жол сияқты көрінген. Оның үстіне үйдегі итырғылжың өмірден де шаршап кеткен болатын.

Өзінің оқымағанына бүгін Гүлсім өлердей өкініп тұр. Енді айналғанда байына тәуелді болып отыр. Шешесі байғұс айда-

жылда әкесі сау жүрсе, «міне, былай бір рет сыртқа, екі рет ішке аласың» деп шұлық тоқуды үйретуден ары аспады.

Кешеді қайдағы жоқ қалбырды теуіп, бір темекіні кезек-кезек тартып мәз боп мектеп жасындағы балалар жүр. Тұралаған ауылда жастардың баратын жері жоқ. Таңға дейін ішімдік сататын бар мен кальянахана ғана бар. Байы қолына ақша түссе, осы жерлерде таңға дейін қыдырады.

Бүгін өзінен өзі ширығып тұрған ол бір шешімге келе алмай алабұртып тұр. Құсы ұшып кеткен адамша алақөңіл болып дәйек таба алатын емес.

Үлкен қалаға барсам, аштан өле қоймайтын шығармын, бөпе бағармын, көрпе тігіп сатармын деп жұбатты өзін. Аяқ-қолы сау, басы істейді, өзін, баласын асырай алатын күші бар. Әйтсе де 6 жыл отасқан отағасын тастап кетуге жүрегі дауаламай тұр. Емдетемін деп маскүнем әрі сүйреп, бері сүйреп діңкелеп бітті. Емшіден емші қоймады. Дәрігердің де көмегіне жүгінді. Болар емес...

Соңғы кезде қол көтеретінді шығарып жүр. Жеті атасынан түк қалдырмай боқтайтынын қайтерсің. Әбден ызақор болып алды. Іші толы агрессия. Отбасылық майданнан қашып құтылмаса болатын емес. Тұщы етіне ащы таяқ тигенде, әкесі тепсе де қарсыласпай бүк түсіп жатып



алатын шешесі есіне түсіп, жүрегі шаншып кетті.

Тепсе темір үзетін байының күзетте істеп, жартусыз жалақы әкелуі де жүйкесін жұқартып жүр. Енесі мүсіркеп, аяғаннан аспайды. Ішсе дүлейленіп кететін байы сау кезінде желі шыққан шарға ұқсап мүсәпір боп қалады.

Тығырыққа тірелген келіншек иек артатын, сүйене алатын, қиналғанда қолдау көрсететін адамының жоқ екенін біліп, күйзеліске түсіп тұр. Жаныма жақын, өзімді түсінетін, қиналғанда демеу болады, басыма іс түскенде көмектеседі деген апалары «ажырасқанда қайда барасың, өзің емес пе жабысып тиіп алған, кімге тиейін деп жатқаныңды ойламадың ба, бір тиының жоқ қалай өмір сүрмексің» сықылды кінәлаудан аспай, мәселені жылы жауып қоя салды. Олармен сөйлескеннен кейін Гүлсімнің көкейінде ащы нала қалып қойды.

Арыздануды, шағымдануды ұнатпайтын, ажарлы, жүзінде нұры бар жас келіншек өз тағдырына өзгелерді кінәлаудан ада. Дегенмен ол енді бұлай тұра алмайтынын біліп шамырқанып тұр. Отбасы мәселесін реттеп, өмірін мағыналы да мәнді өткізгісі келеді. Қиырман-шиырман шешесінің өмірін өлсе қайталағысы жоқ. Тәтті балапанының психикасының бұзылғанын қаламайды. Көз жасына ерік

беріп, қорқып, шешім шығаруға үрейленіп отыруға менің қақым жоқ деп өзін жігерлендіруге тырысты. Қайсар жан «болмайды, өзгермейді, қорқам» деп энергиясын өзін-өзі аяуға, әлсіз болуға құртуға болмайтынын түсініп тұр. Ол өзін, баласын аман сақтап қалуы тиіс.

Дипломсыз, жұмыссыз, дымсыз келіншек үлкен шабаданы мен қуыршақтай жұтынған қызын құшақтап, кешке жүретін соңғы автобусқа мініп үлкен қалаға жолға шықты. Ең бастысы Гүлсім азапты өмір мен азат өмір арасындағы таңғажайып шегарадан өте алды. Тиран байынан қашып шығуға күші жетті. Маңдай тірейтіні N қаласындағы жапа шеккен қатындарға арналған әлеуметтік баспана. Одан кейінгі жағдайды құдайға тапсырды.

Қайткенде де қолын қалтасына салып, қарап отырмайтыны анық. Отбасы үшін тынымсыз жұмыс істейтін болады. Өз арбасын өзі сүйреу керек екенін мықтап жадына түйген ол өзін өзі қолдайтын, өзін өзі түсінетін жаңа адамға айналып шыға келгендей күй кешті.

Жақсылыққа ұмтылып, үмітпен тырмысып келе жатқан Гүлсім құшағында пысылдап ұйықтап жатқан қызын мейірлене іскеді.







## ҚҰТТЫҚТАУ



### Ардақты өріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізбен біз мақтан етеміз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі өріптестер!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы**





## ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕРІ

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қиындыққа толы құбылыстарын бастан өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлену – кез келген адамның қолына түсе бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Болган Байниязова  
Жамила Башимова  
Аманжан Утесинов  
Қыдыр Сатаев  
Жаксылық Шалабаев  
Келим Берди Турламбаев  
Жумағали Мусанғалиев  
Урокбай Аразов  
Саламат Тулекбаев  
Дарембай Мукишов  
Нурджан Сартов  
Косай Едигеев  
Даулетберды Утеев  
Жаксылық Тологенов  
Амон Илифанов**

**Тенелбек Нурниязов  
Рақыш Аманкосов  
Арип Таджибаев  
Таган Есенбаев  
Аскар Картжанов  
Базарбек Сағызбаев  
Акнават Есеньязова  
Людмила Скибина  
Аралбай Исаев  
Кымбаткуль Бисенғалиева  
Жөдина Батыр  
Акджелен Турбаев  
Аманкельды Юсупов  
Жасқайрат Тулеуов  
Сансызбай Жеткізгенов**







ZEN

[WWW.OZEN.KZ](http://WWW.OZEN.KZ)

